



«Алтын ханшайым» өңделді



2-бет

ЗКГУ: Ядженіт пріняті!




3 стр.

Ардагер ұстазға құриет



6-бет

Жылды қорытындылады



7-бет

Поздравляем!!!

От всей души поздравляем проректора по воспитательной работе и социальным вопросам ЗКГУ им. М.Утемисова Даришеву Туймеш Малбагаровну с присвоением звания «Лучший учитель года» в рамках республиканской премии «Народный любимец».

Эта награда – яркое свидетельство признания Вашего неустанного и кропотливого труда, Вашего вклада в развитие образования Республики Казахстан. Желаем Вам крепкого здоровья, душевного богатства, дальнейших творческих успехов в работе и неиссякаемой энергии!

Торжественная церемония вручения премии «Народный любимец года» прошла в городе Нур-Султан. Премия присуждается за популярность и компетентность людям и организациям, которые были на виду у казахстанского сообщества в течение всего года.

Трудовой стаж Туймеш Малбагаровны в ЗКГУ составляет более 30 лет. Туймеш Малбагаровна - талантливый, компетентный руководитель, обладающий чувством нового, стремлением к поиску нетрадиционных решений важнейших задач. Неутомимая энергия, высокий профессионализм, огромный творческий потенциал и организаторские способности отличают ее в работе и в жизни. Сотни выпускников университета прошли школу становления лидерства у Туймеш Малбагаровны. Завидное трудолюбие, неисчерпаемое вдохновение в

сочетании с высокой требовательностью к себе и другим снискали Педагогу заслуженное уважение и доверие.

От имени многотысячного коллектива студентов, выпускников и профессорско-преподавательского состава Туймеш Малбагаровну с высокой наградой и народным признанием ее заслуг поздравил ректор университета Нурлан Сергалиев.

«Огромное вам спасибо за поздравления и за поддержку. У каждого из вас есть шанс стать обладателем звания «Народный любимец». Я горжусь, что благодаря этой награде имя нашего Западно-Казахстанского университета им. М.Утемисова звучало на всю страну, это большая честь для меня» - поделилась Туймеш Малбагаровна.



Волонтерство - образ жизни

Волонтерский год может дать нам возможность заниматься тем, чем мы никогда не занимались, то есть увидеть себя в новых обстоятельствах. И даже может такого шанса потом у нас не будет. По-моему мнению, волонтерство это – выйти в большую жизнь не в своей роли, то есть я всегда хотела быть дипломатом, и вот здесь мне говорят «может попробуешь быть волонтером?». И я хотела попробовать и стала волонтером. Волонтером может быть каждый человек, любых возрастов, любого пола и любой профессии. Пожертвовав малую часть своего времени, можно очень сильно повлиять на жизнь нуждающегося человека. А если так думающие люди объединятся и будут двигаться вместе, то они уже способны повлиять на жизнь многих людей, на многие судьбы.

Я - волонтер

Я помню тот день, когда я поехала со своей группой в медико-социальное учреждение для престарелых и инвалидов. Когда я зашла к ним, увидела их радостные лица. Они радовались тому, что к ним кто-то пришел просто провести их, что им оказывают внимание и любовь. Тогда, честно говоря, моя душа наполнилась радостью. Потому что я поняла, что сделала что-то доброе, что-то хорошее и полезное. Когда я познакомилась с ними, поговорила, они рассказали мне о себе, дали различные жизненные советы. Тогда мне было безумно приятно, и хотелось просто снова и снова приезжать сюда и радовать их и себя.

А что же может дать нам волонтерство? В первую очередь, хочу сказать, что волонтерство дает нам высокую самооценку. Будучи волонтером, мы помогаем людям и творим добро. И осознавая это, мы становимся лучше и лучше, и начинаем ощущать себя по-другому. Второе, мы раскрываем свои неизвестные таланты. Волонтерские проекты - это огромное поле для творчества, мы можем найти свой путь в волонтерских проектах, в которых мы сможем реализовать свои способности. И самое главное – оно дает нам остаться человеком, остаться неравнодушным к другим. И я думаю, что это самое ценное в нашей жизни.

В завершении хочу сказать, волонтеры - это люди, которые готовы делиться своим теплом с другими, люди, сильные и энергичные, с чистой совестью. Волонтерство – благородная работа, это часть души



каждого равнодушного человека. Сделать жизнь лучше может каждый из нас. Я хочу, чтобы молодежь Казахстана занималась волонтерством, потому что это нужно народу, нужно обществу и нуждающимся. Творите добро и радуйте друг друга.

Бекзада ЗАДАГЕРЕЕВА,
студент группы МО-21

«Алтын ханшайым» өңделді

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Батыс Қазақстан облысының «Тақсай-1» қорғанынан табылған «Алтын ханшайымның» тарихи костюмін қайта өңдеу» атты ғылыми жобаның презентациясы өтті. Оған арнайы шақырылған қонақтар мен профессор-оқытушылар құрамы, студенттер қауымы қатысты. Жобаның мақсаты - БҚО «Тақсай-1» қорғанынан табылған «Алтын ханшайым» тарихи костюмін археологиялық мәліметтерге сүйене отырып қайта өңдеу.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Батыс Қазақстан облыстық тарих және экология орталығы 2012 жылы қазба жұмыстарын жүргізген кезде Теректі ауданы Долинный ауылы маңында орналасқан «Тақсай» кешенінен қорған табылған болатын. «Алтын ханшайым» болып аталған, ежелгі сармат кезеңіне жататын ақсүйек әйел адамның қабірінен көптеген алтын бұйымдар табылып, оның жалпы салмағы 3 келіге жуықтаған. Алтын бұйымдармен бірге қола айна, тұмарлардың табылуы – оның сарматтың абыз әйелі екендігін танытады.

Шара хореография мамандығы студенттерінің «Киіз өрнектері» биімен ашылды. Одан әрі кештің алғы сөзін алған университеттің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Қажымұрат Ахмеденов шараға қатысушыларға ғылыми жобаның мақсаты мен міндетін айтып берді. Ал, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сдықов Мұрат Наурызғалиұлы мен аталмыш жобаның ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты Кайнбаева Жәмила Советқызы:

- «Алтын ханшайым» костюмін қайта өңдеудің алғашқы жұмыстарын белгілі қайта өңдеуші Крым Алтынбеков пен «Остров Крым» ғылыми өңдеу зертханасының мамандары

жүргізіп, «Тақсай-1» қорғанының №6 кешенінен табылған материалдар негізінде әйел адамның көркем бейнесін жасаған. Алайда аталған тарихи костюмнің бейнесін толық аяқталды деп есептеуге болмайды. Материалдар, түстер үйлесімділігі, «Алтын ханшайым» костюмінің кейлегі, шекпені, бас киімінің құрылымдық бөліктерінің элементтері жөнінде даулы мәселелер туындады. Ғылыми жоба құрылымдық түрі мен сол кездегі костюм мен киім жөніндегі тарихи мәліметтерді ескере отырып, БҚО «Тақсай-1» қорғанынан табылған «Алтын ханшайым» костюміне баламалы қайта өңдеу жасауға арналған, - деп жұмыстың орындалу барысымен таныстырып өтті.

Көптен күткен сәт те жетіп, «Алтын ханшайымның» тарихи киімінің альтернативті қайта жаңғыруын зерттеу тобының мүшелері, аға оқытушы, магистр Нұрдәулет Асқарұлы мен аға оқытушы, өнер магистрі Юлия Вячеславовна ашып, көрсетті. Көрсетілімнен соң жиылғандар зерттеу тобының мүшелеріне бірнеше сұрақтарын қойып, тұщымды жауаптарын алды.

Кеш «Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығының 2-курс студенті Қайрат Байғұттының орындауындағы Дәулеткерейдің «Көрәғлы» күйімен өз мәресіне жетті.

Айта кетейік, қайта өңделген «Алтын ханшайымның» тарихи костюмі бүгінде университет мұражайында орналасқан.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА



В ЗКГУ им. М.Утемисова состоялось открытое заседание Совета по Добропорядочности, в котором приняли участие руководство вуза, деканы, преподаватели факультетов и студенты. Ректор Нурлан Сергалиев остановился на основных направлениях работы Совета. В выступлении проректора по учебно-методической работе Асета Тасмагамбетова по «Совершенствованию процедур контроля знаний в ЗКГУ им. М.Утемисова в контексте принципов академической честности» было отмечено, что в университете ведется планомерная, комплексная работа, увеличилось количество мероприятий по антикоррупционной деятельности и профилактике правонарушений. В университете активно действует антикоррупционная пропаганда, совершенствуется система антиплагиата. Аудитории оснащены видеонаблюдением, благодаря которому отслеживается сдача экзаменов во время сессии, с 2018 года функционирует Центр обслуживания студентов (ЦОС), постоянно проводятся акции «Чистая сессия», «Как живешь, студент?» и др.



БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ – НАШ ОБЩИЙ ДОЛГ

Председатель комиссии, проректор по НРиМС Ахмеденов Кажмурат подчеркнул, что в ЗКГУ создана антикоррупционная наблюдательная комиссия. Работа комиссии направлена на ликвидацию условий, порождающих и провоцирующих коррупцию, на предотвращение случаев коррупции во время сессии, а также - на формирование антикоррупционного общественного сознания, нетерпимого отношения к коррупционным действиям.

Руководитель Центра социологических исследований Добряев Павел ознакомил с результатами социологического мониторинга коррупционных рисков в ЗКГУ.

В данном направлении ЗКГУ им.М.Утемисова тесно сотрудничает с департаментом Агентства РК по противодействию коррупции ЗКО. В целях создания нетерпимости к фактам проявления коррупционных

действий в сфере образования в течение учебного года было организовано много совместных мероприятий: семинар-тренинги, различные конкурсы и круглые столы. В работе Совета по добропорядочности ЗКГУ приняли участие первый заместитель руководителя департамента Агентства РК по противодействию коррупции ЗКО Самет Нурдаулет, член областной специальной мониторинговой группы Жумағалиев Малик, председатель молодежного крыла «Жас Отан» Западно – Казахстанского областного филиала партии «Нұр Отан» Жолдасқалиев Нұрғали.

ПАЛЛИАТИВНАЯ ПОМОЩЬ – ОНА ПРО ЖИЗНЬ

В семинаре приняли активное участие сотрудники управления здравоохранения ЗКО, психологи и медработники поликлиник города Уральска, профессорско-преподавательский состав кафедры педагогики и психологии, а также магистранты.

Семинар начался с приветственных слов проректора по научной работе и международным связям ЗКГУ им. М. Утемисова, к.г.н., ассоциированным профессором Ахмеденова К. М.

В ходе семинара выступили докладами: к.п.н., д.и.н., доцент Адельбаева Н.А. на тему «О совершенствовании работы по паллиативной помощи»; декан педагогического факультета, к.п.н., доцент Габдрахманова Ш.Т. - «Деятельность психолога в профилактике эмоционального выгорания»; психолог № 5 городской поликлиники города Уральск Кабесова - «Особенности работы психолога и социального работника в выездной службе паллиативной помощи» и магистр педагогики и психологии, старший преподаватель кафедры дошкольного и начального образования Федорченко Л.А. - «Роль психолога в системе паллиативной помощи». В семинаре применялся тренинг «Развитие коммуникативных способностей», который способствовал профилактике эмоционального выгорания сотрудников здравоохранения.

Семинар завершился дискуссией и подведением итогов.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА



Аңыз тұлғаға құрмет

Биыл көрнекті жазушы, белгілі қаламгер, әдебиет алыбы Әбіш Кекілбайұлының туғанына - 80 жыл. Оның шығармалары қазақ әдебиетінің қазынасы. Халқымыздың ғана емес, әлем жазушысына айналған ол артына өшпес мол мұра қалдырған. Абыз ақынның құрметіне орай Орал қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Әбіштің аңыз әлемі» атты жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері арасында қалалық шығармашылық байқаудың қорытынды кеші өтті. Байқау жазушының шығармашылық тұлғасын насихаттау, студенттер мен жастардың ой-танымын кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында ұйымдастырылды.



Аты алашқа мәлім Әбіш Кекілбайұлына арналған бәйге 3 бағыт бойынша өткізілген болатын. Студент жастар байқауда эссе, мақала жанрлары мен бейнеролик дайындау арқылы өзара сынға түсті. Кештің шымылдығын түріп, құттықтау сөз сөйлеген Орал қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тілдерді дамыту секторының меңгерушісі Роза Оңғарбайқызы «Жастар жылына» орай көптеген байқаулар ұйымдастырылғанын, Әбіш Кекілбаевтың шығармашылығына арналған осы шара жыл қорытындысы екендігін айта келе, сайысты ұйымдастыруға қолдау көрсеткен М.Өтемісов атындағы БҚМУ ұжымына алғысын білдірді. Сайысқа қатысушылардың шығармаларын Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің доценті Ажғалиев Марат Қайыржанұлы, «Ақжайық» телеарнасының режиссері Ермекқалиева Назгүл Асылбекқызы, Орал қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тілдерді дамыту секторының меңгерушісі Зайнуллина Роза Оңғарбайқызы сынды сарапшылар бағалады. Қазылар алқасының шешімімен «Үздік эссе» номинациясы бойынша Арман Ғабдықұл

жүлделі I орынды, Қазына Эсетова II орынды, Сәттігүл Төлеген III орынды иемденді. Ал Зафура Мамут, Азамат Бақи, Қазына Файзуллиналар алғыс хатпен марапатталды. «Үздік шығармашылық бейнеролик» аталымы бойынша Ермахан Амангелді I орынды қанжығасына байласа, Қайырбек Кенжалиев II орынға ие болып, Өсемгүл Метенова III орынға тұрақтады. «Үздік мақала» жанры бойынша Жадыра Құлтай I орынды еншілесе, Бағдат Оразхан II орынды, Айгерім Батырғалиева III орынды иеленді. Байқауда белсенділік танытқан Сауат Берікқалиға алғыс хат табыс етілді.

Кеш барысында қалалық деңгейде ғана емес, облыстық, республикалық байқауларда топ жарып жүрген филология факультетінің студенттері Зафура Мамут Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романынан үзінді оқыса, Нұрсұлтан Бақтыбай, Жадыра Құлтай, Дәулет Қуанышбайұлы аңыз адамның сыршыл лирикалық өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Ал жас ақындар Азамат Бақи мен Еркеназ Қалижан өз шығармашылығынан жыр арнады. Кеш Еркеназ Қалижанның «Әбіш – Абыз – Аңыз» атты Әбішке арнау өлеңімен қорытындыланды.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

Тәуелсіздігіміз - тірегіміз!

Тәуелсіздік бұл - біздің ұлтымыздың, халқымыздың еркіндігі. Біз бейбіт елдің ұрпағымыз, жастарымыз. Бүгінгі бақытымыз, жүзіміздегі күлкіміз – бізге дейінгі батырларымыздың төккен терінің арқасында осындай бейбіт күнді кешіп келеміз.

Желтоқсан айында 1986 жылы «Желтоқсан оқиғасы» қазақ халқындағы ең ауыр күнде көтеріліске шыққан намыс-шыл, ұлтшыл жастарымыздың, бауырларымыздың оңайлықпен берілмей күрескен релін сомдаған едік. Бұл көрініске жаратылыстану-география факультетінің «Биология-ағылшын» тобының 3-курс, «Экология» қазақ, орыс топтарының 2-курс студенттері қатысқан болатынбыз.


Ауа-райының суық екендігіне қарамастан алаңға, шеруге шығып, бауырларымызды аямай соққының астына алса да қазақ үшін, болашақ үшін деп беріспеген аға-әпкелеріміздің релін ойнағанда көрермендердің көзіне жас үйірілді. Кешімізді «Көк тудың желбірегені» әнімен аяқтадық. Бұл шара кураторымыз Рима Джамбуловнаның жетекшілігімен өткізілген болатын. Келген қонақтарымыз, ұстаздарымыз өте керемет әсер алып, кураторымыз Р.Джамбуловна қорытынды сөз сөйлеп, кешімізді қорытындылады.

Жансая АҒАРБАЙ,
«Биология-ағылшын» тобының 3-курс студенті



В ЗКГУ им. М. Утемисова с 13-14 января 2020 год состоялся международный научно-методический мастер – класс по физической культуре на тему: «Внедрение новых спортивных игр в содержание занятий по физической культуре для студентов вузов». Мастер класс проводила кафедра физического воспитания. Открыла заседание международного научно-методического мастер – класса заведующая кафедрой физического воспитания Демченко Л.В., она ознакомила присутствующих с программой, а также представила гостей мастер - класса, которые прибыли из РФ, д.п.н., профессор НИУ БелГУ Собянин Ф.И., учителя физической культуры МБОУ СОШ №43 г. Белгород Поклад Н.И., и Осипова Л.В.

ЗКГУ: Яджент принят!



С приветственным словом выступил д.п.н. профессор ЗКГУ им. М. Утемисова, руководитель центра развития физической культуры и здорового образа жизни Салов В.Ю. Д.п.н., профессор НИУ БелГУ Собянин Ф.И., учителя физической культуры МБОУ СОШ №43 г. Белгород Поклад Н.И., и Осипова Л.В. презентовали новую игру «Яджент». Они продемонстрировали видео-ролик, подробно остановились на правилах новой спортивной игры «Яджент», а также провели практические занятия с привлечением учащихся СОШ №26 г.Уральска. В теоретическом и практическом направлениях мастер-класса участвовало более 60 человек, преподаватели вузов, учителя и учащиеся школ. При подведении итогов работы международного научно-методического мастер – класса было принято решение на освоение новой спортивной игры «яджент» и доведение работы в этом направлении до соревновательного периода.

Л.И. ФЕДОРЧЕНКО,
преподаватель кафедры теории и методика
физического воспитания



1940 жылы Жұбан міндетті әскери қызметке шақырылады. Бір жылдан соң сұрапыл соғысқа араласады. Осылайша, ақынның шығармашылық өмірі майдан жағдайында өтеді.

«1940 жылы армия қатарына алынғанда екі-үш дәптер өлеңімді жәшік түбіне салып, ала кеттім. Олар Отан соғысының алғашқы күндерінің бірінде өртке оранды. Әрине, олар бір әдеби мұра болғандай дүниелер еді демек емеспін. Тек өлеңге қашан, қалай келгенімді сипаттайтын нәрселер болатын. Сөйтсе де, олар маған соғыста «қаза тапқан» өлеңдер боп көрінеді. Соғыспен 1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат төртте душарластым. Әрине, ол күндері өлең емес, бас қайғы болды», - дейді Жұбан Молдағалиев ағынан жарылып.

СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ӨМІР

Кеңес армиясы қатарынан кейін Жұбан Молдағалиев «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттері мен «Жұлдыз» журналының редакцияларында, Қазақстан жазушылар одағында басшылық қызметтер атқарды. 1949 жылы оның «Жеңіс жырлары» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді.

Бұл кезде Жұбан 29 жаста еді. Алғашқы өлеңдер жинағы оның өз ауқымынан алыстап, өскенін көрсетті. Оның үстіне

поэмасы (1964). Ақын бұл шығармасында қазақ халқының өткен өмірі мен тағдырын лирикалық-публицистикалық стильде терең толғана жырлады. Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері, ерлік дәстүрі, туған жер мен елі, байлығы, адамдары жайлы асқақтата көркемдеп жырлай білді.

ЗАМАНДАСТАР ПІКІРІ

Жұбан Молдағалиевтың орыс тілінде және тағы басқа халықтар тілінде басылған шығармаларын қоса есептегенде 70-ке тарта кітабы шыққан.

«Мен кемеңгерлер мен ұстаздарға бас иемін. Кітаптарым орыс және басқа халықтардың тілдерінде талай рет шықты. Сол үшін менің жан жүрегім аудармашыларға, қаламдас достарыма деген алғыс сезімге толы және оларға көп қарыздармын деп білемін», - дейді ол өз естелігінде.

Қазақ сөз өнерінің майталман шебері, сирек талант иесі, көркем сөз зергері, халық жазушысы Фабиат Мүсірепов ақынның талантын мойындайды.

«Ақын Жұбан бүгінгі күннің ең өзекті мәселелеріне жедел үн қосып отыратын, соның өзінде де шығармаларынан асығыстық ақауы кездеспейтін алымды талант», - дейді Мүсірепов.

Ал Қазақстан халық жазушысы Сафуан Шаймерденов қаламгердің еңбекқорлығын жоғары бағалады.

БАТЫР БОЛУҒА ТИІСТІ АЗАМАТ ЕДІ: Жұбан Молдағалиев туралы не білеміз?

БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Қаламгер 1920 жылдың 5-қыркүйегінде қазіргі Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданы Жыланды ауылында жарық дүниеге есігін ашты. Әкесі жастайынан қайтыс болып, анасы Зәріптің тәрбиесінде өседі. Өз ауылындағы мектепте білім алады.

Анасының жастайынан берген тәрбиесі болашақ ақынның әдебиетке әуестенуіне әсер етеді.

«Өлең-жырға ерте әуестендім. Жас кезімде ақын атанып, айтыстарға түскен аяулы анам кейін жесір қалып, сәл қолы босай қалса, мені алдына алып отыратын. Ол өз-өзінен күңіреніп, өлеңмен сыр шертетін, шер тарқататын. Қазақ эпосының көптеген шығармасын жатқа білетін анам мені шын мәнінде өлеңмен ауыздандырды. Кейін мен мұны талай-талай еске алғаным бар», - дейді Ж.Молдағалиев.

АЛҒАШҚЫ ӨЛЕҢІ

Ол Оралдағы ауыл шаруашылық техникумында оқи жүріп, қаладағы әдебиет үйірмелерінің жұмысына белсенді қатысты. 1939 жылы «Комсомол ұрпағы» атты облыстық жастар газетінде оның «Ленин тірі» деген тұңғыш өлеңі де жарық көрді.

оқ пен оттың жырларын бастан кешті. Бұл жай ақынды бірден есейтіп, әлеуметтік, саяси құлашы кең поэзияға бағыттады.

Қалам үшкірлігі әлі де жастықты аңғартса, айтып отырған пікірі – өлім мен өмір арпалысындағы жанның ойын, көңілін сездіреді. 1942-45 жылдары жазылған «Отан», «Бір бассаң да алға бас», «Туған елге», «Қазақ», «Шығыста туған елім бар», «Жеңімпаздар сәлемі» атты өлеңдерден осы жағдайды аңғарамыз.

Кейін Жұбан Молдағалиев «Қызыл галстук» (1949), «Нұрлы жол» (1951), «Бастаушымыз партия» (1954), «Жыр туралы жыр» (1957), «Заман тынысы» (1960), «Жесір тағдыры» (1962), «Ғашық көзбен» (1964), «Мен қазақтың» (1965) тағы басқа кітаптарын жариялады.

Ол екі рет «Еңбек Қызыл ту» және 2-дәрежелі «Отан соғысы», «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

МЕН ҚАЗАҚПЫН

Жұбан Молдағалиевтың ақындық даңқын көтеріп, оның есімін әдебиет әлеміне енгізген шығарма – «Мен қазақтың»

«Жұбан - поэзияда оңай жол іздемейтін, өз шығармашылығына барынша қатал, жалпы қазақ әдебиеті алдындағы жауапкершілікті айнытпай ту етіп көтерген қайраткер», - дейді драматург.

ОТБАСЫ

Ақынның сүйікті жары – София Мәлікқызы. Екеуі төрт баланы тәрбиелеп өсірген. София Мәлікқызы өз естелігінде отбасылық өмірі жайлы айтады.

«Мен ол кісінің маған қойған талаптарының бәрін орындадым. Себебі менің жас кезімде жалғыз ұлдың, жалғыз баланың анасының сезімін, мінезін түсінуге сабыр, ақыл берген Құдайға мың тәубә деймін. Біз Жұбан екеуіміз көзбен, көңілмен ұғыстық. Өлдебір жағдайларда ол менің сөзімді сөйлей қалса, мамам кәдімгідей ашуланып қалатын. Сондықтан Жұбан сыртқы елге шығып, сыйлық әкелетін болса, екеуімізге бірдей етіп алатын», - дейді София өз естелігінде.

Жұбан Молдағалиев 1988 жылдың 6 қазанында 68 жасында қайтыс болды.

Дереккөз: sputniknews.kz



Қадыр туралы пікір

«Қадыр Мырзалиевтің пікірлері маған өте ұнады. Мысалы: «Жас ақынға», «Жырға сыймас нұр көрдім», «Еңбек» өлеңінің өзінде жұртшылық аузына түсе қоймаған талай оралымдар, шеберліктер сезілетін сияқты болады».

Мұхтар Әуезов

«Қадыр - мықты бәрімізден де, менен де мықты ақын».

Жұбан Молдағалиев

«Ол - бай, бірегей талант, жұлдыз болғанда... мәңгі жұлдыз! Ол - ақын Қадыр»

Хамит Ерғалиев

«Қадыр - қазір ұлы ақын! Бұл сөзді мен өмірімде екінші рет айтып отырмын! Бірінші рет Мұқан - Мұхтар Әуезов Лениндік сыйлыққа иегер болған күні айтқанмын...»

Зейнолла Қабдолов

Өлең сөздің зергері

Қадыр Мырза Әлі 1935 жылы 5 қаңтарда Орал облысының Жымпиты кентінде туған. Ақын, Қазақстанның халық жазушысы (1995), ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері.

1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын сол кезде жаңадан ашылған балалар журналы «Балдырғаннан» бастаған. «Жұлдыз» журналы редакциясында поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, 1968-1973 жылдары «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі, «Балауса» баспасының редакторы, кейін Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болған. 1966 жылы «Ой орманы» жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығы берілді. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Ол - Қазақстанның халық жазушысы. 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын алды.

Ақын 2011 жылы дүниеден озды.

Қадыр қалжыңдары

Бірде «Жалын» альманағының жаңа санында бас редактор Тұманбай Молдағалиевтің жаңа өлеңдері басылады. Сонда:

«Бір тәулікте бір адамды,

Қуантпауға болмайды,

Бір тәулікте бір адамды,

Жұбатпаған оңбайды», - деген жолдар бар екен. Осы шумақ ақын Сәкен Иманасовқа қатты ұнайды да, Тұманбайға кездесіп қалған бір сәтте әлгі өлең жолдарын қайталап айтып: ... «деген екен қазақтың бір мықты ақыны, Тұм-аға!» - дейді.

— Қадыр ғой! — дейді Тұмағаң ойланбастан.

— Қайдағы Қадыр, Тұманбай Молдағалиев! — дейді Сәкен

— Кет, сөйлемей! — деп Тұмағаң таң қалады.

— Мінеки, ендеше! — деп Сәкен журналды ашып көрсетеді. Тұмағаң өз көзіне өзі сенбегендей бір қарап өтеді де:

— Оқта-текте ондай-ондай менде де болады! — деп көзілдірігінің астынан күлімсірей қарайды.

Қадыр мен Тұманбай құрдас. Қайтер екен деп осы

әңгімені Сәкен кейін Қадырға айтып береді. Сонда Қадыр:

— Жақсы өлең тек менде ғана болады деп ойлайтын Тұманбайдың ескі әдеті ғой, - деген екен.

Орал облысының Жымпиты ауданы – Қадыр Мырзалиевтің туған жері. Бірде Жымпиты ауданында болып қайтқан жазушы Сансызбай Сарғасқаев Алматыға келген соң, Қадырға әзілдеп: — Жымпитың ит байласа тұрғысыз жер екен, — депті.

Сонда Қадыр:

— Сәке, мықты болсаңыз сондай жерде туа білу керек! — деген екен.

Қадыр кішкене ғана, киіктің асығындай шымыр, Жүсіп Қыдыров болса түйе үстіндегі адаммен бой теңестіргендей ұзын бойлы. Бірде екеуі Жазушылар одағының үйіне қатар беттеп келе жатса, жігіттер көріп күліпті.

Сонда Қадыр:

— Несіне күлесіңдер, мен болсам Қазақстанның 1913 жылғы көрсеткішімін, Жүсіп болса 1973 жылғы көрсеткіші емес пе! — депті.

Қадырды құрдастары «сараңсың» деп әзілдесе керек. Соны әркімдерден ара-тұра естіп қалған Сейтжан Омаров бірде:

— Қадыр-ау, біздің ауылмен құйрық-бауыр жесер құда болып қалдың ғой. Енді де үйіңе шақырмас па екенсің? — деп үлкендікпен әзіл айтыпты.

Сонда Қадыр Мырза Әлі:

— Сәке-ау, құда мың жылдық деген емес пе, асыққанымыз не, мың жылға дейін сіз болып, біз болып талай шақырыса жатамыз ғой, — деген екен.

Белгілі жазушылар Сәкен Жүнісов пен Адам Мекебаев 1985 жылы Москвадағы әдебиет институтына оқуға түседі. Сонда, тапқыр әзілге жүйрік ақын Қадыр мырза Әлі: «Адам — Сәкен боламын деп, Сәкен — Адам боламын деп оқып жатыр», - деген екен.

Ел аузынан жинаған Ақселеу Сейдімбек

Биыл 9 мамырда Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 75 жыл толады. Осыған орай сұрапыл соғыс жылдары Қазақстанның жеңіске қосқан үлесі туралы деректерді назарларыңызға ұсынамыз.

Екінші дүниежүзілік соғыс қалай басталды?

1939 жылдың 1 қыркүйегінде фашистік Германия Польшаға шабуыл жасады. Кейін Англия және Франция бұл мемлекетке қарсы соғыс жариялаған соң, екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Ал 1941 жылдың 22-маусымында фашист әскерлері Кеңес Одағына соғыс ашты. Оған әлемнің 72 мемлекеті қатысып, 62 миллион адам ажал құшты.

Брест қамалы

1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германия КСРО-ға тиесілі Брест қамалына (Беларусь) шабуыл жасаған соң, Ұлы Отан соғысы басталды.

Ресейлік тарихшылардың мәліметіне сәйкес, 1941 жылы қамалды 7 000 сарбаз қорғаған. Оның 1 мыңға жуығы Қазақстаннан барған жауынгерлер.

Жау шабуылынан кейін аман қалған Брест қамалының қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болды. Біразы Беларусь жерінде жерленген.

Қазақстанның жеңіске қосқан үлесі

КСРО-да жүргізілген 1939 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанда 6,2 миллион адам тұрған. Соғыс жылдары кеңес әскері қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылды. Оның 601 мыңы туған жерге оралған жоқ.

Қазақстаннан барған әскерлер майдан даласында ерлікпен шайқасты. 100 000-нан астам отандасымыз жауынгерлік ерліктері үшін медаль-ордендермен марапатталды.

Шамамен 500 қазақстандық Кеңес одағының батыры, 100-ден астам адам «Даңқ» орденінің иегері атанды. Ал қазақстандық 4 ұшқыш: Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский «Кеңес Одағының батыры» деген құрметті атақты 2 мәрте иеленді. Қазақстандықтар арасында алғаш болып бұл атақты танк әскерінің генерал-майоры, павлодарлық Кузьма Семаченко (1941 жылдың 22-маусымында) алды. Панфиловшы, полковник Бауыржан Момышұлынан (11 желтоқсан 1991) соң бұл атақ ешкімге берілген жоқ.

Днепр үшін болған шайқаста 18 жастағы Жәнібек Елеусізов қазақтар арасындағы ең жас «Кеңес Одағының батыры» атанды.

Кеңес Одағы батырларының қатарында қазақтың екі батыр қызы: мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова да бар.

Ал Рақымжан Қошқарбаев Рейхстагқа Жеңіс туын тіккені үшін «Жауынгерлік Қызыл ту» орденінің иегері болды. 2001 жылы «Халық қаһарманы» атанды.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға үлес қосты. 1941-1945 жылдары КСРО-дағы әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық білім алуға аттанса, нақтыланбаған ақпарат бойынша, Қазақстан аумағында соғыс жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны 16 000 офицер дайындап шығарған.

Партизандық соғыс

Қазақстандық сарбаздар жау тылында қоршауда қалып, партизандық күреске араласқан. Ұлы Отан соғысы жылдары 3 500 қазақстандық партизан отрядтары қатарында болды деген мәлімет бар.

Тарихшылардың айтуынша, олар Украина мен Беларусь елдерінің батыс аудандарында, Молдавия мен Балтық жағалауларында фашистік Германияға қарсы соғысқан. Олардың ішінде Қасым Қайсенов, Тоқтағали Жанкелдин, Әди Шәріпов, Сәтімбек Төлешов, Нұрым Сыдықов, Ғалым Омаров, Ғалым Ахмедияров сынды батыр партизандармен қатар Нұрғаным Байсейітова, Тұрғаш Жұмабаева, Жамал Ақәділова есімді қазақ қыздары да жау әскерлеріне қарсы күрескен.

Тыл еңбеккерлерінің ерлігі

Соғыс кезінде Қазақстан 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 млн 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн, 2,5 млн дана жылы киім және басқа да өнімдерді майдан даласына жіберді.

Қазақстандық тыл еңбеккерлері майданға 110 000-нан аса жылқы, жаудан азат етілген аудандарға саны 500 000-нан асатын мал жіберген.

Сұрапыл соғыс жылдарындағы өнеркәсіп

Фашистік Германия КСРО-ның батыс аудандарын басып алған соң, 1941-1945 жылдары Сібір мен Қазақстан негізгі әскери-өнеркәсіп базасына айналды.

Ұлы Отан соғысының алғашқы айларында кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа уақыт ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын орналастырылып, қазақ жеріне 532 мың 506 адам көшірілді.

1,5 жылдың ішінде елімізде 25 кен орны мен шахта, 11 кен байыту фабрикасы, 19 жаңа көмір шахтасы, 3 разрез, 4 жаңа мұнай кеніші, Атыраудағы (Гурьев) мұнай өңдеу зауыты іске қосылды.

1942-1943 жылдары Мақат-Орск, Ақмола Магнитогорск темір жол желілерінің құрылысы аяқталды.



«Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!»

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан жалпыодақтың мыс құймасының 30%, марганец кенінің 60%, мыс кенінің 50%, металл висмуттың 65%, полиметалл кендерінің 70%, мырыш өнімінің 85%-ын өндірді.

Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірі қазақ жерінде өндірілді. Сондықтан жауға атылған 10 оқтың тоғызы Қазақстандағы Шымкент қорғасын зауытында құйылды.

Елімізде танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы ұйымдастырылды. 1941 жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинау басталды.

Бір жылдың ішінде қазақстандық комсомолдар кеңес әскеріне 45 жаңа танк жіберді. Кейін халық қаражатына тағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилья, торпедо катерлер мен атаулы ұшақтар жасалды.

1941-1945 жылдары Қазақстан халқы соғыс техникаларын жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанға көшірілген өзге ұлт өкілдері

1941 жылы республикаға 300 мыңнан астам неміс жер аударылса, 1943 жылы күзінен 1944 жылға дейін Қазақстанға 507 480 адам күшпен көшірілді. Олардың ішінде 45 500 қарашай, 406 000 шешен мен ингуш, 21,150 балқар, 2 200 қалмақ, 4 500 қырым татарлары, 27 600 месхет түріктері және басқа да ұлт өкілдері болды.

9 мамыр – Жеңіс күні

Ұлы отан соғысы 1945 жылы 8 мамырда Берлин түбіндегі Карлсхорстта Кеңес Одағы, Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Франция алдында фашистік Германия өзінің жеңілгендігі жөнінде актіге қол қоюымен аяқталды. 9 мамыр Жеңіс күні ретінде тойланды.

Ал екінші дүниежүзілік соғыс 1945 жылдың 2-қыркүйегінде Кеңес Одағының жапониялық Квантун армиясын жеңуімен аяқталды.

Дереккөз: sputniknews.kz

ВНИМАНИЕ!!!

Уважаемые преподаватели, сотрудники, магистранты, студенты!

С 1 февраля 2020 года наш вуз - Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова дает старт Году Памяти и Славы - участием в патриотическом проекте «Мы помним! Мы гордимся!» - в честь 75-летия Победы в Великой Отечественной войне.

Главная идея акции - Никогда не забывать уроков страшной войны, которая унесла миллионы жизней людей, быть благодарным победителям и с уважением относиться к ветеранам.

В проекте примут участие преподаватели, сотрудники, студенты.

Минутой молчания у мемориальной доски на Площади Победы представители университета ежедневно, до конца 2020 года, будут возлагать цветы, чтобы почтить память погибших воинов и выразить свой долг перед теми, кто завоевал Великую Победу.

Подробнее о проекте Вы можете узнать в комитете по делам молодежи (213 кабинет, главный корпус, в деканатах факультетов)

Ардагер ұстазға құрмет



18 қаңтар күні университетіміздің ректоры Нұрлан Серғалиев құрметті ардагер, аяулы ұстаз Қалам Жұмашұлын мерейлі 95 жасымен арнайы құттықтады.

Мерейтой иесі республикаға танымал көрнекті педагог – ғалым, ұлағатты ұстаз, соғыс ардегері, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент атағын алған облыстың құрметті азаматы.

Сан шәкіртті білім нәрімен сусындатып, ғылыми ізденістерін шыңдай білген Қалам Жұмашұлына Нұрлан Хабиболлаұлы университет ұжымының атынан алғысын білдіріп, ақ тілегін арнады.

Қалам Жұмашұлы 1942 жылдың күзінде майданға аттанып, Закавказье майданында әуе қорғаныс бөлімінің 345 зенитполкінде әскери міндетін атқарады.

Соғыстан оралғаннан кейін облыстық партия комитетінің бірінші хатшысының көмекшісі, А.С. Пушкин атындағы педагогикалық институтта еңбек еткен.

Бірнеше ордендер мен медальдардың иесі. Жұбайы екеуі екі ұл, бір қыз тәрбиелеген өнегелі отбасы.



Педагог по зову сердца



15 января 70 лет исполнилось доценту Западно-Казахстанского государственного университета им. М. Утемисова, академику Международной общественной организации Академии ДЮТК им. А.А.Остепца-Светникова Александру Жищенко.

Александр Николаевич родился в 1950 году в г.Тбилиси Грузии. После окончания средней школы работал слесарем на ремонтно-механическом заводе. В 1971 году поступил в педагогический институт им. А.С.Пушкина. После его окончания, стал работать заведующим отделением во врачебно-физкультурном диспансере. С 1981 года в должности старшего преподавателя стал работать на кафедре физического воспитания. С 1990 года был переведен на кафедру теории и методики преподавания физического воспитания на должность старшего преподавателя, где работает по настоящее время.

А. Жищенко 45 лет отдал педагогическому труду. Он принадлежит к числу тех педагогов, которые совмещают в себе огромный преподавательский опыт, громадный объем знаний и по-настоящему творческое отношение к процессу обучения студентов. Юбиларом опубликовано более 100 научных трудов, более 70 научных публикаций в журналах.

Руководство вуза, коллеги и друзья поздравили Александра Николаевича с юбилеем. Председатель федерации спортивного туризма РК Елена Тарасенко отметила, что быть преподавателем – дано не



Жаны сұлу ұстаз

Құрметті Дина Бақытжанқызы! М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің физика-математика факультеті және информатика кафедрасының ұжымы Сізді адам өмірінің айтулы белесі 50 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.



Ресейдің Н.Г.Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университетінің механика-математика факультетінде оқып жүрген кезіңізде А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының информатика және есептеу техникасы кафедрасында тәжірибеден өткеннен бастап сіздің барлық ғұмырыңыз осы университетпен байланысты болды. Сіз осы оқу орнында 1992 жылдан бері қызмет атқарып келесіз. Осы уақыт ішінде аталмыш оқу орнының «Тарих және құқық» пен «Физика-математика» факультеттерінің, соның ішінде информатика кафедрасының дамуына орасан зор үлес қостыңыз. Ақпараттық-коммуникативті технологияның толассыз дамуы дәуірінде информатика кафедрасының оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбие жұмыстарын жандандыру үшін аянбай еңбек еттіңіз.

Әлеуметтану және информатика саласы бойынша ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік жұмыстарын үздіксіз жүргізіп отырдыңыз. Оның дәлелі ретінде оқу үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген «Шетелдік әлеуметтану тарихы», «Теориялық әлеуметтану тарихы», «Әлеуметтану бойынша ағылшын-орысша-қазақша терминологиялық сөздік», «Collection of practical and test tasks for Information and Communication Technologies» оқу құралдары мен «Шетелдік әлеуметтану тарихы», «Әлеуметтанудағы ақпараттық технологиялар» электронды оқу-әдістемелік құралдары және ғылыми журналдарда жарық көрген 60-тан астам мақалаңызды айтуға болады.

Сіз 27 жыл ғылыми педагогикалық қызметіңізде бірнеше рет ректораттың алғыс хаттарымен, университет ректорының Құрмет грамоталарымен марапатталдыңыз.

Сабырлы, білімді, жоғары мәдениетті мінезіңізбен және өмірден жинақтаған тәжірибеңізбен кафедраның жас оқытушыларының еңбек жолына бағыт беріп келесіз. Сіздің бойыңызда көшбасшылық қасиетпен қатар қарапайымдылық пен мейірімділік ерекше үйлесімділік тапқан.

Мерейтойыңыз құтты болсын! Көздеген шыңдарыңызды бағындырып, диттеген мақсаттарыңызға жетуіңізге тілектеспіз! Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз.

Физика-математика факультеті және информатика кафедрасының ұжымы

каждому, ведь Александр Николаевич передал свои знания не одному поколению студентов, которые до сих пор благодарны своему наставнику. Юбилея поздравили коллеги, воспитанники и подарили памятные подарки с пожеланиями больших творческих достижений и, конечно же, крепкого здоровья и благополучия!



Құттықтаймыз!!!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы қос дипломды білім беру бөлімінің басшысы, техника ғылымдарының докторы, физика-математика факультеті Информатика кафедрасының профессоры **Ғұмаров Ғали Сағынғалиұлын «ҚР ЖОО - ның ең үздік оқытушысы-2019» атағын алуымен** шын жүректен құттықтайды! Сізге мықты денсаулық, ғылым жолында сәттілік және барлық шығармашылық ойларыңызды іске асыруда табыс тілейміз!

М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректораты

Поздравляем!

Поздравляем руководителя отдела дудипломного образования, доктора технических наук, профессора кафедры Информатики физико-математического факультета **Гумарова Гали Сагингалиевича с присвоением звания «Лучший преподаватель вуза 2019 года»**

Этому званию предшествовал долгий путь ежедневного труда Настоящего Преподавателя, Мудрого руководителя передающего каждому своему студенту не только знания, но и частичку души.

Искренне желаем Вам крепкого здоровья, семейного благополучия, неиссякаемой энергии, творческого вдохновения, дальнейших успехов в развитии отечественной науки.

Коллектив кафедры информатики и физико-математического факультета

Жылды қорытындылады

26 желтоқсан күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да «Мұрагер» студенттік театры «Біз де ғашық болғанбыз» атты жылды қорытындылау қойылымын көрермендерге ұсынды. Қойылым авторы – С.Балғабаев. Қоюшы режиссер – Е.Әбуов.



Спектакль қос тағдырдан өрбіген өмірді өзек етеді. Алып ұшқан жастық шақтың қателіктері алдынан орағыта берген өмірлерді баяндайды.

«Үйлену оңай, үй болу қиын» екендігін ескертеді. Жастай үйленіп, күйкі тірліктің күйбеңіне шыдай алмай, күйреген шаңырақ жайында айтылады.

Қойылымның көптің көңілінен шыққанын көрерменнің

тік тұрып ұзақ уақыт құрмет көрсеткенінен-ақ аңғаруға болғандай.

Айта кетейік, аталмыш қойылымның көркемдік жетекшісі – И. Исакова. Қойылым жетекшісі – А.Елекенова. Көмекші режиссері – Б.Ғайнолла.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

БӘРЕКЕЛДІ!

17-18 қаңтар аралығында №4 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ашық біріншілігінде 2002-2004 жылғы туылған жасөспірімдер арасында 70 кг салмақта қол күресіп 1-орын алған және «Үздік әдіс қолданғаны үшін» номинациясын иеленген **Физика-математика факультетінің I курс студенті Ниязов Жандарбекті** шын жүректен құттықтаймыз!



Команду педагогического факультета ЗКГУ им. М.Утемисова за занятое III место в XV – межпредметной Олимпиаде студентов факультета физической культуры и спорта г. Самара Российской Федерации **А.Тарахтей, Р. Дустаеву, Е.Сембиева, Д.Прокофьева, Н.Курдюкова, А.Дарибаеву и руководителя Байенова Арман Шынгалиевича.** Желает крепкого здоровья, успехов и побед!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің пікірсайысшылары 2020 жылды жеңіспен бастады. Қаңтар айының 12-жұлдызында Атырау қаласында «Елсана» руханият - патриоттық қауымдастығының қолдауымен «Алаш жастары» алаңы мен «Эверест» пікірсайыс клубының ұйымдастыруымен «Cinema Cup II» аймақтық пікірсайыс турнирі өткізілді. Турнирге 4 аймақтан 16 фракция, 32 спикер қатысты. Турнир қорытындысы бойынша «Ақиқат пікірталас орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінің президенті **Ниязбаева Гүлбағым**



жүлделі 1-орынды иеленіп, аймақтық турнир жеңімпазы атанса, жүлделі 2-орынды **Сарымсақов Айымбек** иеленді. Сондай-ақ, бірлестік координаторы Жалмұқан Ерсұлтан аталмыш турнирде «Үздік спикер» атанды. Ал бірлестік пікірсайысшысы Алдабергенова Асель турнирдің ширек финалына дейін жетіп, жақсы ойын өрнегін көрсетті. Жеңімпаздар арнайы сыйлықтар мен дипломдармен марапатталды. Шын жүректен құттықтаймыз!

1997 жылы 17 қыркүйекте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің күндізгі аспирантурасын тәмамдап, диссертациялық кеңесінде кандидаттық диссертация қорғадым. Менің қасымдағы қорғауға үміткер қыз алдын-ала қорғаудан өте алмай қалды да, маған жалғыз қорғауға тура келді. Екінші қорғаушы болмаған соң, ғалымдар мені асықпай «сілкіледі». Жұмыс жақсы болған соң, тақырып кеңінен ашылып, қорғау жоғары деңгейде өтті. Ертеңіне академик Рабиға апамыз үйіне «келін екеуіңді қонаққа шақырып жатыр» деп Ғылым Академиясының аспирантурасында бірге оқитын Ербол Дәулетов пен Құралай Күдерінова құрбыларымыз келіп айтқанда сенер-сенбесімді білмей таң қалдым. Алай А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында жұмыс жасайтын. Ал мен ҚазҰУ-дың аспирантымын. Ірі ғылыми кеңестерде сыртынан көргенім болмаса, ол кісі

соң, сол кездегі «Алға» поселкесінде бастауыш мұғалімі болып орналасып, сабақ береді. Сол кездегі шәкірттері: Сұният Нұрмұқанбетов – тарих ғылымының кандидаты, Бәкір Тәжібаев пен Ізтай Мәмбетов – белгілі ақындар. Соғыс уақытында 1942-45 жылдары ол Темір, Ақтөбе қалаларындағы мектептерде мұғалімдік қызмет атқарады. Кейіннен Ақтөбедегі екі жылдық мұғалімдер институтын үздік бітіріп шығады. Соғыс аяқталып, ел бейбіт өмірге көшкен соң оқуға талпынады да Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің III курсына студент болып қабылданады. Оқуды 1947 жылы бітіріп шығады да осы институттың аспирантурасында оқиды. Үздік дипломды алғыр қыз 1948 жылы түрік, француз тілдерін жақсы білетін, халықаралық право саласынан қазақтан шыққан алғашқы ғылым кандидаты, дипломат Мақаш



Ұстаз - ана мерейі

мені мүлдем танымайды. Шақыруды хош алып, апайдың дастарханынан дәм тату бақыты бұйырды. Апамыз мүлдем зерттелмеген тақырыпты жақсы ашқанымды басқа ғалымдардан естіп, риза болып, таныспақ ниетте, үйіне шақырған екен. Тіпті, ол мені Қытайдың қазағы деп ойлапты. Ешқандай жершілдікті білмейтін апамыз, менің Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданынан екенімді біліп, балаша қуанды. Алаштың мүшесі болған оның әкесі репрессия құрбаны болған менің атам Төлеген Иманғазиевпен бірге жүрген екен. Керемет әсерлі әңгіме барысында апамыздың өте қиын тағдыры мен қайсар мінезіне тәнті болдым. Қазақтың бақыты үшін туған ғалым апамыздың өмір жолы бәрімізге өнеге. Міне, содан бері, апамызбен қарым-қатынасымды үзбей келемін.

Апамыздың өмір жолына келсек, Р.Сыздықова 1924 жылы тамыз айының 17-інде Ақтөбе облысының Ойыл қалашығында дүниеге келген. Әкесі Сәтіғали Құтқожин төңкеріске дейін орысша оқыған, көзі ашық адам болған. Балаларын қазақ мектептерінде оқытқан. Пошта бастығы болып тұрғанында 1937 жылы ұсталып кеткен. Жас Рабиға анасы Жеміс пен әкесінің Еркінғали деген тете інісінің қамқорлығында өседі.

Рабиға апамыздың әкесі Қаратөбеде поштада жұмыс жасаған кезде сондағы татарларды сағалап, аяғы күс-күс болып, татар бала келеді. Оны менсінбеген татар байлары үйлеріне кіргізбегенде Сәтіғали қамқорлап, ат-арба беріп, Оралға жеткізіпті. Бұл бала татардың ұлы ақыны Ғабдолла Тоқай болатын.

«Халық жауының» ұрпағы болса да ештеңеден тайсалмаған өжет қыз өмірге араласып, биік белестерді бағындырады. Рабиға Темір педучилищесінде де беделді, білімді педагог Бақытжан Алтыбаевтың ұстаздық тәрбиесін көреді. Рабиға апамыз қызмет жолын 1940 жылы Темір педучилищесін үздік бітірген

Сыздықовқа тұрмысқа шықты. Мақаш қайтыс болғанда, беске толмаған жалғыз ұлы Өсет кейін әке жолын қуып, дипломат болды, бірнеше шетелдерде дипломаттық қызмет атқарды, бес тілді меңгерген азамат Рабиға Сыздықоваға екі ұл, бір қыз немере сүйдірді.

Тағдырлас адамдар ортақ тіл табысады. «Халық жауы» атанып, 18 жыл айдауда болған асыл азамат, ақын, халық әртісі Шахан Мусинмен көңілі жарасып, бірін-бірі қолдап, отбасын құрады.

1959 жылы 15-19 шілдеде Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында «Әдеби мұра және оны зерттеу» деген тақырып бойынша ғылыми-теориялық конференция өткізілген. Осы конференциядағы Рабиғаның сөзі жұртшылыққа ұнады. Ол туралы М.О. Әуезов Рабиға Сыздықоваға мынадай мінездеме берді: «Рабиға Сыздықованың сөзіне конференцияға қатысушылар айрықша риза болды деп санаймын. Оның сөзіндегі бір ерекшелік – тіл мамандары мен әдебиетшілерге қатар айтар орынды, кенеулі ой бар және сол ойды таратып айта аларлық тіл құдіреті мейлінше жеткілікті екендігін аңғартты».

Р.Сыздықова 1957 жылдан бастап 1971 жылға шейін 14 жыл бойы Абай шығармаларының тілін зерттеді. Оның жазып, баспадан шығарған 20-дан астам кітап, кітапша, жүзден аса мақаласының ішінде Абай шығармаларының тілі туралы жазған екі томдық кітабының шоқтығы биік тұрады. Оған кандидаттық және докторлық ғылыми дәреже алып берген де осы қомақты, ауқымды екі еңбек: «Абай шығармаларының тілі» (1968 ж.), «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1971 ж.). «Абайдың сөз өрнегі» (1995 ж.). Р.Сыздықова 1979 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының мүше – корреспонденті болып сайланады. Бұл – тіл білімі саласында қазақ әйелдері ішінен тұңғыш рет болған жағдай.

Р.Сәтіғалиқызы «Абайдың сөз өрнегі», «Сөз құдіреті»

Ұстазы жақсының - ұстанымы жақсы

Біз Жаратылыстану-география бағытындағы биология және ағылшын тілі мамандығының 3-курсында білім алудамыз. Бұл білім ордасында тәжірибелі де білімді, өз ісінің маманы, кәсіби ұстаздар өте көп. Сондай жандардың бірі - биология ғылымдарының кандидаты, биология және экология кафедрасының доценті Бимагамбетова Гулнара Әділгерейқызы.

Г.Бимагамбетова 1996-2005 жылдары Ақтөбе қаласы №24 лингвистикалық мектеп-гимназиясында химия-биология пәндерінен сабақ берген. 2005 жылдан бастап аталмыш ЖОО-да қызмет атқарып келеді. Ал 2010 жылы Алматы қаласы О.Оспанов атындағы топырақтану ғылыми зерттеу институтында кандидаттық диссертация қорғады.

Ол әр сабағын жүйелі түрде өткізіп, болашақ мамандардың білікті де білімді болуы үшін әрқайсысына жіті көңіл бөліп келеді. Ұлы мұғалім деген мамандықтың қадірін және сабақ өткізу сәтіндегі сезімді сезіну үшін өзінің осы жылға дейінгі тәжірибесімен бөлісуде. Сабақ үстінде студенттерге сабақ бергізіп, оқушылармен қарым-қатынас нығая орнауы негізінде түрлі шаралар ұйымдастырып, оны қалай өткізе білу керектігі жөнінде үйретуде. Сондай шаралардың бірін айта кетер болсам «СПИД-ке қарсы күресу» тақырыбында шара ұйымдастырған болатынбыз. СПИД ауруына ұшыраған жастардың өз қателіктерін түсінуі, өкінуі жайында керемет көрініс қоя білдік. Сондай-ақ «БИО ШОУ», «Miss Bio» сияқты сұрақ-жауап алмасу ойынын, өнер көрсету түрлерін ұйымдастырып, көрермен көңілінен шыға білдік. Әр студентке тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына сіңіртіп, білімді маман болуымызға бағыт-бағдар беруде Б.Г.Әділгерейқызының еңбегі мол. Ұстазымызға алдағы уақытта еңбек жолында жетістік пен табыс тілейміз!



Жансая АҒАРБАЙ,
Биология ағылшын мамандығының 3-курс студенті

және «Сөздер сөйлейді» атты үш монографиялық еңбегін баяндау стилі мен тақырыбы жағынан өзіне өте ыстық кітаптар санайды. Әсіресе көркем мұраларды құмарта оқитын жұртшылықтың қолына тиген «Сөздер сөйлейді» (1980, 1994) деген еңбегі ғалымның аса бір зеректікпен орындаған жұмысы болды. Ғалым «Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғғ.)» атты еңбегінде әдеби тіліміздің ұлттық дәуірге дейінгі негізгі көздері мен арналарын анықтап алып, әдеби тілдің ұлттық дәуірдегі сыр-сипатын айқындайды. Профессор Р.Сыздықова түркітану ілімінде де өзіндік жолы бар зерттеуші. Бұл ретте оның «Язык Жами, ат-тауарих Жалаири» (1989) деген монографиясын ерекше атауға болады. Көз майын тауысып, Қазан қаласының кітапханасында 8 жыл отырып, Қадырғали бидің еңбегін зерттеп шықты. Ғалым өзінің «Ясауи хикметтерінің тілі» (2004) атты монографиясында хикметтердің Самарқанд нұсқасы негізінде оның тіліне лексика-грамматикалық, текстологиялық тұрғылардан талдау жасаған. Ғалым 230 беттік қолжазбаны 4-5 қайтара жазып, транскрипциялап, транслитерациялай отырып, аса мұқият болуды талап ететін зерттемені ыждағаттықпен орындап шыққан. Оның тікелей қатысуымен «Қазақ тіліндегі жаңа қолданыстардың» бірнеше басылымы жарық көрді. Р.Сәттіғалиқызының «Тілдік норма және оның қалыптасуы» (2001) атты монографиясы - норма мәселесі теориялық тұрғыдан сөз болатын күрделі еңбектер қатарына жатады. Ғалымның қазақ орфографиясына қосқан үлесі де мол. Оның тікелей басшылығымен қазақ орфографиясындағы негізгі ережелердің жаңа нұсқасы жасалды. Р.Сыздықова кешегі репрессия құрбандары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов сынды құламалардың өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттеген ғалым. Ғалым 1966 жылы Құдайберген Жұбанов туралы ең алғашқы баяндаманы жасап, содан кейін «Ғалым-азамат» деген кітапша шығарған. 1989 жылы А.Байтұрсынұлының ақталуына қажет анықтама жазған Р.Сыздықова «Тіл тағылымын» шығаруға да зор еңбек сіңірді. Ол Х.Досмұхамедұлының таңдамалы еңбектерін шығару ісінде де бас редактор ретінде көп жұмыс жасады. Ұлтымыздың ардақты азаматтары үшін қызмет етуді ол өзінің азаматтық және ғалымдық парызы санайды. Р.Сыздықованың ғылыми-педагогикалық еңбектері бір төбе. Оның жазған мектеп оқулықтары 20-ға жуық. Ол өзінің 1997 жылы жарық көрген «Сөз құдіреті» атты еңбегінде қазақ көркем сөзінің хас шеберлері қаламынан шыққан туындыларға лингвистикалық тұрғыдан талдау жасап, олардың сыры мен сымбатын ашып береді.

Р.Сыздықова қазақ тіл біліміне осындай көп еңбек сіңірді. Бірнеше аспиранттар диссертацияларына ғылыми жетекшілік жасады, көптеген диссертацияларға оппонент болды. Осы өнімді, жемісті еңбегі үшін 1972 жылы «Құрмет белгісі» орденімен және көптеген грамоталармен марапатталды. Профессордың еңбектері үкімет тарапынан да әлденеше рет жоғары бағаланды. 1984 жылы Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері құрметті атағы берілді. Есімі Қазақ КСР-інің «Құрметті Алтын кітабына» жазылды (1981), Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың (1995), Мемлекеттік сыйлықтың (1996) лауреаты атанды. Апамыз үш рет ҚР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Р.Сыздықова – ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Түркия «Dil kogu» лингвистикалық қоғамының корреспондент-мүшесі. 95 жасқа толған ғалым-ананы жақында еліміздің Президенті Қ.К.Тоқаев 1 дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттады. Р.Сыздықова өмірі мен ғылыми қызметі – өскелең ұрпаққа үлгі, ал еліне сіңірген еңбегі өлшеусіз.

Ғабит ХАСАНОВ,
М.Әтемісов атындағы БҚМУ профессоры,
филология ғылымдарының докторы

Махаббат симфониясы

Қараңғылық құрсауындағы құлазыған қала. Әлем үнсіздік құшағында. Басқа жанның бақытсыздығына құрылған бақыт. Сенерін де, сенбесін де білмейді. Жүрегін тіліп жатқан жанайқайына бір жан құлақ түріп тыңдар емес. Күлкінің көгілдір пердесімен жабылды да қалды. Барлығы қыз жүрегіне аян. Үнсіздікті енді ол да жанына серік етпекші. Өзгелер сияқты бұл көктемнен ол да өз бақытын күтіп еді. Бекер... Өмірінің бал кезеңінен күткені көп... Амал нешік, таудай бақытты күтемін деп бармақтай тасқа сүрінді. Қызғаныштың қызыл жалыны махаббаттың алауын өшірді, артынан тек сезімнің суық іздерін қалдырды. Тасқа айналған суық жүректі сол жанның махаббаты еріткен, бірақ кейін қайта суытты. Бәрі бекер. Арпалысқан тіршілік әлі тоқтамады. Тек қыз жүрегінің дүрсілі тоқтады. Тыныштықтың үнсіз әуеннің бұзып, мөлдіреген қос жанардан аққан меруерттер терезе жақтауына енуде. Түнерген түнді көңіліне медеу ететін. Бүгін ол да жат.

Ол кетті... Сезімнен тұрғызылған өз әлеміне қыз жүрегін қамады да, кете барды. Бұл қаланың әр түкпірінде сол жаннан қалған бұлыңғыр естеліктер. Енді қайта жалғыз. Жүрегіндегі сол тәтті елеске айналған бұлыңғыр естеліктерін қараңғылықтың құрсауына салып, жүрегінің

Бақыт әуені

қорлық пен азапта жүргенін ол мүлде сезбеді. Қырсық бір айналдырғанда шыр айналдырып, ол да өз сүйгенін, бауыр еті баласын жер қойнына табыстап, ақша бұлттарға үздіксіз хат жолдап отырды. Жайықтың жат ағысын есіне алмауға бекінді. Алайда, шұғыл келген сол хабар жат мекенге қайта әкелді. Жайық оған естелікке қатігез мекенді ғана емес, жайдарлы, сырлас достарды да сыйлаған. Ұзақ жылдар жан сырласына айналған серігінің көз қуанышына келмеуді ағаттық көріп, өзектен тепкен өлкеге қайта оралды.

10 жыл... Қайғының құрсауында өткен күндер, жүрегіне орнаған ауыр азап. Қарт Жайық әлі өзгермепті. Бірақ бұл жолы өзгеше жылулық сезді. Жайықты сағыныпты... Балауса бал шағының естелігі қанша ауыр болса да сол мекенге бір баруға бел буды. Махаббаттың ордасы... Қол ұстасқан қос ғашықтар, тәтті бүлдіршіннің қылығына тоймаған ата-әже, бәрі бақытты, бұл қалай бақытты болмасын?! Бақытсыздықпен біткен бақыт. Қол ұстасқан қос ғашықтың сырын өзіне сақтағандай, қарт Жайыққа иіле өскен қарт емен.

Осы жерді өздерінің махаббат бекеті қылғаны әлі есінде... Сезімнің буына масайрап, әлемдегі жауыздықтың өзі жақсылық болып көрінетін бұл мекенге екеуі ылғи бірге келетін. Ал бүгін... Жалғыздықты жанына медеу етті. Жайықтың әрбір аққан ағысы ескі күндерді есіне сала бастады. Қалың ойлар тұмшалап, ақ бұлттардың арасына ене берді

Тамылжыған тыныштықты таныс бір дауыс үзді:

-Гүлімім?!

Иә, бұл сол еді. Ауыр естеліктердің иесі, махаббат отына маздана жанған сезімнің иесі. Қыз жүрегі сол күндегідей қайта тоқтап қалды. Терең дем алды да артына қарады:

-Арман...

Арада тағы үнсіздік. Бұл үнсіздік өзгеше әуенде.

Сезім пернесі

Көлік іші лық толы. Кітаптарын жүрек үніне жақын ұстап, құлаққаптағы өзгеше сарындағы әнге егіле үндескен сол ару... Дәл осы нөмірдегі көлік... Жүрек сазын шырқатқан сол бір шақтың елесі. Мүмкін, дәл осы сәтте, тым жақында. Мүмкін. Көңіліндегі маза бермеген мағынасыз ой...

Аялдама. Өмір ағысындағы тосыннан соғылған дүлей дауылдың куәгері... Жан ұшыра мәнсіз өмір үшін маңызды сағаттарын текке жойған жандар. Бәрі ашулы, бәрі көңілсіз. Тек сол том-том кітапты жанына жақын ұстаған арудың құлаққабында ерекше әуен.

Таңсәрі... Көкжиектен әлемге жаңа үміт пен шуағын төгіп жаңа күн өз жазбасын бастауда. Ұзыннан созылған жалғыз аяқ жолмен ерекше үнмен естеліктің ыстық еліне саяхат жасай, болашақты есінен шығарған сол ару. Бүгін көңілінде ерекше алаңдаушылық басым. Неге? Ол өзіне де беймәлім. Тек жалғандықтың жасырын пердесінде жасырында.



Гүлбиби БАҚЫТБАЕВА

Көңілі Жайықтың толқынын қалады. Жүрек жарасы мүмкін сонда жазылар. Көңіліндегі ұлыған қасқырдың дауысы сонда басылар. Жоқ, әлде бәрі мүмкін бе? Санада шырмалған сан ойға, бағдаршам орнатуға бола ма екен?

Бағдаршамның қызыл түсі. Сырғыған уақыттар. 29...28... Құлаққаптағы әуелеген саз үзілді... Иә, сол... Сол бір жан... Таң сәріден көңілін құлазытқан, жанарын жасауратқан...

Ыстық махаббатын жанына жылу етіп дарытқан алақан. Енді өзгенікі... Ерекше көзқарас... Ғашықтар әнін бірге шырқаған қос жүрек. Өзгенің бақыты үшін құрбан болған жан. Сосын, 3...2...1...

Аяғын адымдай қарсы жүрді. Иә, шынымен де санасын улаған сол бейне дәл қазір жанынан өтіп барады. Ол өзінше бақытты. Мүмкін солай көрінген болар. Бұл көрініс тым ауыр болды. Мен өткен жалғыз аяқ жолдың өзге тұсымен өтпеші, өзгемен... Саған айтар соңғы өтінішім!

Быть здоровым!

Значение иммунизации для здоровья

В борьбе с инфекционными заболеваниями все большее значение приобретают методы специфической профилактики. Успехи в области ликвидации инфекционных заболеваний, таких как, натуральная оспа, полиомиелит, дифтерия, корь, краснуха, эпидемический паротит, непосредственно связаны с применением новых методов специфической профилактики данных заболеваний, т.е. прививок. В борьбе с детскими инфекциями профилактические прививки играют основную роль.

Профилактические прививки делятся на:

- 1) обязательные;
- 2) по состоянию здоровья;
- 3) прививки по эпидемическим показаниям, в эндемических и эпизотических районах;
- 4) рекомендуемые (по желанию пациента).

Сейчас разговоров о том, стоит или нет прививаться очень много. Споры не утихают, каждая сторона предоставляет свои аргументы, каждые из которых звучат вполне убедительно.

К сожалению, статистика говорит не в пользу той стороны, которая отрицает необходимость профилактических прививок. Увидев однажды ребенка больного коклюшем, или скажем дифтерией, вопрос о необходимости прививки у родителей даже бы не возник, т. к. эти заболевания считаются очень тяжелыми, а клиническая картина ужасает страданиями малыша. Многие заболевания, особенно это касается дифтерии, имеют очень высокую смертность. На волне отказов рост числа таких заболеваний повысился и, к сожалению, иногда регистрируются случаи с печальным исходом. Следует совершенно четко понимать, что та группа заболеваний, против которых проводится вакцинация, является опасными.

Вакцины содержат либо живые и ослабленные вирусы и бактерии, либо их части, полученные при помощи генной инженерии. Попадая в организм, они вызывают реакции, сходные с заболеванием. Это процесс выработки нормального иммунного ответа. Поэтому и возникает температура, слабость, могут быть и специфические симптомы для данной инфекции (например, сыпь при кори, краснухе). Такие поствакцинальные реакции более характерны для живых вакцин. Вакцины, содержащие лишь единичные компоненты возбудителей таким эффектом практически не обладают (против гепатита В, против гриппа, пневмококка, гемофильной палочки).

Что такое ОРВИ, и как оно проявляется?

ОРВИ — это острая респираторная вирусная инфекция.

Грипп — это острое инфекционное заболевание дыхательных путей, которое вызывается вирусом гриппа. Симптомы ОРВИ

Начинаются ОРВИ обычно остро, неожиданно. Перед заболеванием человека могут беспокоить: чувство разбитости, слабость, раздражительность. В дальнейшем эти симптомы нарастают, появляется головная боль, сильная слабость, ломота в мышцах, может повышаться температура, развиваться потливость. Могут появляться: насморк, боль в горле, кашель.

Как лечится ОРВИ:

1. Прием противовирусных препаратов
2. Симптоматическое лечение
3. Обильное питье.

В обязательном порядке необходимо обратиться к врачу в следующих случаях:

1. отсутствие улучшений на четвертый день болезни;
2. повышенная температура тела на седьмой день болезни;
3. ухудшение после улучшения;
4. усиление кашля, снижение его продуктивности; глубокий вдох приводит к приступу кашля;

•Профилактика ОРВИ

- Во время эпидемий не посещать места массового скопления людей.
- Тепло одеваться, в соответствие с погодой.
- Кушать больше фруктов — Лимоны, апельсины, гранаты, мандарины, мёд с орехами.
- Пить побольше жидкости, особенно кисло-сладких морсов: из клюквы, брусники, калины.
- Специфическая профилактика — это вакцинация от гриппа , в осенний период, иммунитет развивается через 1 месяц, иммунитет на 1 год.

Венера БИГЕЛЬДИЕВА,
врач медпункта

Улы сия, ащы тіл

Жалған дүниенің жасымықтай жылтырағына алмастыра алмайтын қайран уақыт...Тосын емес, төте сұрақ: «Мен кім едім, кім болдым, кім боламын?». Әр сәтте, жүрдек уақыт жылжыған сайын осы сұрақты өзіме қоямын. Ал, бұл сұрақтардың жауабын табу үшін, мақсатымның жаңғырыққа бергісіз жарлығының жетелеуі Ақ Жайық өлкесіндегі қара шаңырақ, 80 жылдан астам тарихы бар М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне алып келді. Студент атандым. Бала шақтан болашаққа қол создым. Ендігі арманым – журналист болу. Сан қилы, қатпарлы ойларымның түйіні, менің албырт жүрегімнің қалауы – осы мамандық. Әр адамның өмірлік ұстанымы, аласармас арманы болады. Армандаудан кенде емеспіз, бірақ мен ең бастысы журналист боламын деген арманымды шыңдыққа айналдыруды мақсат тұттым.

«Ызалы жүрек, долы қол,

Улы сия, ащы тіл»,- деп хакім Абай айтқандай, шындықты шағып тұрып айтар менің рухы берік жаным жазуға құштар, ал жаным журналист болуды қалайды. Көптің көкірегіндегі запыранды ақ параққа ақтарып, халық базинасын тыңдап, қаламының ұшында найзаның сұсы бар, жақсылыққа жар сала қуанатын ақпараттың жаршысы, жабыққанда құлқынның қамын күйтеуден бұрын елдің көз жасын сүртер, қаламы қарымды журналист – менің әрдайым, көзімнің кірпігі айқасқан сайын ойыма оралатын, арманыммен түйіскен Шұғыланың болашақ бейнесі. Ал осы бейнелерді шындыққа айналдыру үшін қажырлы еңбек, рухани білім, өткір сын, жауапкершілік керек. Журналисттің негізгі мақсаты - жылтырдың жетегінде жүріп жұртқа жағу емес, ақиқатты әйгілеу. Бос сөз емес, дөп сөздің айнымас серігі болып, журналистиканың қат-қабатына түсіп, жұмбақ сырына үңілгім келеді. Журналистика - майдан сияқты. Оның өзіндік тактикасы бар. Ал ол мәймөңкелеуді ұнатпайды. Бір жерден ағат кетсең, өзіңнің де, өзгенің де сорына айналасың. Өйткені, барлығының артында сөз, жауапкершілік бар. Мен де өз майданымда беріспей, Мұхтар Мағауин айтқандай «мезгілді, кесімді сағатым соққанша ала қағаздан ажырамауды» мұрат етемін.

Мен жасымнан әдебиетке, шығармашылыққа, газет яки журналист өміріне ғашық болдым. Бертін келе «Атырау-Ақпарат» медиахолдингіне қарасты аудандық «Қызылқоға» газетінің жас тілшісі атандым. Кеудемді бұр жарып шыққан өлеңдерімді, тырнақалды дүниелерімді газет бетінен көргендегі қуанышымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес-ті! Бұл – менің шығармашылығымның бастауы. Алғаш газет редакциясына бас сұққанымда-ақ, газеттің бояу иісі, сол бояумен шілтер өрнегідей терілген мақалалардан ескен оймақтай ой мен жағымды жаңалық лебі, мұндағы ағай-апайлардың салиқалы, салмақты жылы шырайы, шағын ғимараттың өлкеміздің ұнпарағының ақпараттық кеңістік құруына себепкер

болуы мені тамсандырды, тіпті журналистикаға деген іңкәрлігімді арттыра түсті...

Қазір журналистиканың даму үдерісі айқындалған кез. Көңіл құсы шартарапқа құйқылжып, тіршілік ауқымына қарай қаламның бұрылысы да өзгеріп, журналистиканың жаңа қырлары ашылуда. Әлем көшіне ілесу үшін, ақпарат кеңістігі де мінсіз болуы хақ. Қош... Ендеше, мінсіз болуды бүгіннен бастауымыз керек, қазақ журналистикасына қосар үлесі басым, жүрегінде ұлттық рухты ту еткен, көкірегі ояу, көзі қарақты, заманауи технологиялардың астар-тысын сөге жүріп меңгерген, сөзге жүйрік, тілге шешен, пайым-парасаты асқақ, мінсіздікке ұмтылған журналист болғым келеді.

Ең алдымен журналистиканың әлқиссасынан бастасам деймін. Репортаж дайындау, сұхбаттасу барысында шындалып, аналитикалық талдаулар жасап үйреніп, журналистік этикамен танысып, қазаныңда қайнап, жілік майын шағып, тар жолы мен тайғағын да, оты мен суын да кешіп, «ақырып теңдік сұрарға» сақадай сай болуым ерек.

«Қызыға жаз, қыза жаз, қызықтыра жаз! Ойланып жаз, ойлы жаз, ой сала жаз, ойландыра жаз! Ызамен жаз, кекпен жаз, кектендіре жаз!», - деп Ғабит Мүсірепов өсиет еткендей, халқыммен жаным бір екенін ешқашан естен шығармай, тәуелсіз халқымның жетістіктерін де, жетістікке жетсе де мұңы таусылмайтын жұртымның шерін де, ақжолтай ғұрпын да, тарихымнан тәбәрік ұлы қазыналарын да сараптай тыңдап, мәселені байыппен шешер, кектене жазып ой салар асыл перзенті болу - мен үшін бақыт.

Ғабит атамның тағы бір сөзінде айтылғандай, «дала қызының назданған еркелігінде мұң да бар, жігер де бар, жалынышы мен жалыны да бар...». Ал, сол аңызға кер даласына еркелей жүріп, жұртына жігер қосып, жақсылық сыйлап жүрер дала қызының арманы асқақ. Мен бар ғұмырымды «төртінші билік» аталатын бұқара мен биліктің алтын көпіріне арнаймын. Осынау сайын даланың заман ағымына ілесуі, теңдессіз ғажаптары менің жобаларымның, мақалаларымның алтын арқауы боларына нық сенемін! Білім ордамның маған берген тәрбиесі мен білімін ақтап, қазақ тілінің мәртебесінің туын көкке көтерген білікті де білімді маман иесі болып, осы университеттен қанат қаққым келеді!

Шұғыла ЕҢСЕП,

филология факультетінің 1-курс студенті



Бір үзік сыр...

«Сессия тапсырмаған студент – студент емес»

Әрбір студент университет қабырғасына келгенде талай оқиғалардың куәсі болары анық. Дәріс, аралық бақылау, семинар дегендердің қызығы мен шыжығын көрген соң, әрқайсымыздың күтетініміз - сессия. Тура бір «Тар жол, тайғақ кешу» дер ем. 1-курс студенті болып алғаш университетке келгенде «сессия» деген біз үшін өте қорқынышты, алынбайтын қамалдай көрінетін. І семестр аяқталып, бәріміз күткен сессия да келді. Алғашқы эмоциялар. Күндіз де, түнде де бар ойыңды соған бұрып, жатпай-тұрмай дайындалу. Берілген сұрақтарды жаттау.



Компьютермен тапсыратынын тапсырып, ауызша, жазбаша емтихандардың аурасын сезіну. Ия, осының бәрін біздер де сезіндік. Университетке келгенде проректорымыз Түймеш Малбағарқызының «Сессия тапсырмаған 1-курс студенті - өлі студент емес», - деген сөзі есімде қалған болатын. Расымен де, сессияны тапсырып болғаннан кейін осы сөздің мағынасын ұққандай болдым. Себебі, сессия - ол студенттік шақтағы ең бір қызыққа, қиындыққа толы шақ. Емтихандарды тапсыру арқылы мен көп нәрсені үйрендім. Бір күннің ішінде 400-500 сұрақты жаттау, топ болып дайындалу, әр емтихан алдындағы қобалжу, бәрі-бәрі ерекше сәттер болды. Осыған дейін алынбайтын қамалдай көрінген сессияның негізгі тұрғыда оқыған адамға оңай екендігін түсіндім. Бастысы – тыңғылықты дайындалу. Еңбек бәрін жеңбек!

Аида Оразова

Уайымым екі есе еселеніп...

Қызығы мен қиындығы қатар жүретін студенттік өмір-ай! Сырттай өмірі тым қызық көрінетін студенттік өмірге бәрінің асығатыны рас. Иә, студент болу – өмірді жаңа бастаумен тең. Өмірінде көп өзгерістер орын алады. Жаңа орта, жаңа достар, жаңа әлем. Көп нәрсені түсінесің. Ата-ана, туыстарыңнан жырақта алға жылжып, алға ұмтылуыңа тура келеді. Оқушы кез бен студенттік кезеңнің арасы жер мен көктей. Оқушы



кез ерекше естеліктерімен есте қалады. Ата-анаң жаныңда, уайымсыз күндерді өткізесің. Ал студенттік кезең қызық болғанымен, уайым мен қиындық еселеніп беріледі екен. Өзің шешім қабылдауың керек, өзің тырысуың керек, өзің жеткізуің керек деген сияқты. Бірақ, әр күнің қызыққа толы. Ең алғаш келген кезден бастап, көп қызықты сәттерге куә боласың. Маған осындай бақыттың бұйырғанына Аллаға шүкір деймін. Ортаң, университетің, ұстаздарың – бәрі-бәрі керемет. Күнде қызықты сәттер, қызықты жаңалықтар, қызықты бастамалар! Студенттік кез-өмірдің нағыз қызықты шағы. Мен өз университетімді жақсы көремін және дәл осы университетті таңдағанымға ешқашан өкінбеймін!

Нұрайлым ҚҰБАЕВА

Әр адамның жан дүниесінде тамыр жайған арманы бар. Ол арман- адаммен бірге өседі, өркендейді. Менің де бала шақтан бергі арманым - журналист болу.

АРМАНЫМ АСҚАҚ

Журналистика – ауқымы әлдеқайда кең әрі күрделі сала. Осындай күрделілікке қарамастан осы мамандықтың хас шебері атанғым келеді. Қазіргі таңда Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде филология мамандығында білім алып жатырмын. Өзімді шыңдау үшін әдеби шығармаларды көп оқығанды ұнатамын. Себебі, бұл мамандық әдеби тілді, сауаттылықты қажет етеді.

Алаш арысы Мағжан атамның «Мен жастарға сенемін» деп үлкен үміт еткен жастарының алды болып бой жетіп қалдым. Отанымның гүлденуіне қосар үлесім - келешекте таңдаған мамандығымның хас шебері болып, қоғамдық жұмыстарға араласа жүріп, шыңдалу. Еліміздің қаншама зерттелмеген ауыл-аймақтары, еңбектері әлі де бағаланбаған ардагерлеріміз өте көп. Соларды тауып, еліме танытып, алған білімімді көрсетсем деймін. Тек қана өз еліммен шектелмеймін әрине. Дүниежүзіне танылып, Қазақстанымды барша елге паш етуді көздеймін. Бір жобаны қолыма алып, соны шетелдіктерге танытсам менен асқан бақытты жан жоқ шығар...

Камила ЕНШАЛЛА,

Филология факультетінің 1-курс студенті

Студенттің көктемі

Студент боп әр түкпірден келгенбіз, Түрлі қызық оқиғаны көргенбіз. Ғажайып дүниенің сырын ұғып, Болашақтың тек соңынан ергенбіз!

Студенттік өмір – сенің белесің, Жақсы оқысаң, тек жеңіп-ақ келесің. Студенттік өмірге егер қызықсаң, Студент бол, сонда ғана көресің.

Ауырға да, жеңілге де көнесің, Өмірдің де қиын тұсын көресің. Ауылыңнан алшақ жерге келгесің, Үйренесің, «проблемаңды» шешесің.

Студенттер – жаңа өмірдің бастауы, Адам болып, ескі әдетті тастауы. Ертеңгі күн – тек жастардың қолында, Жастар деген – болашақтың тірегі.

Студенттер – университет айнасы, Білікті бол, ар жолынан таймашы. Білім керек болса егер де, студент Сабақ оқып, ізденуден талмашы.

Өмірдің көп қой небір өткелі, Студенттік өмір алда, өтпеді. Бағалайық сырын ұғып уақыттың, Қайта оралмас, студенттің көктемі!

Ақнұр СЕМБАЕВА,

Халықаралық қатынастар мамандығының 1-курс студенті



«Рухани жаңғыру» институтының студенттерге арналған беті, №1(12), қаңтар, 2020 жыл

Рухани бренд

Абай – өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы

(Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың

«Egemen Qazaqstan» газетінде (№5, 9 қаңтар 2020 ж.) жарияланған

«Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласындағы тұжырым-түйіндер желісінен)

Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына – 175 жыл. Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту – той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін аса қажет.

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

Абайға құрмет – ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі.

Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу – мемлекеттік маңызы бар мәселе. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор. Абайдың ой-тұжырымдары – баршамызға қашан да рухани азық. Ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын ой елегінен өткізген жөн.

Жаңғыру өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған.

Ілгерілеудің негізі – білім мен ғылым. Абай «ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз» тұрғысында тұжымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты – биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу. Біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу. Ол үшін, ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек.

«Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануы – игі бастамалардың бірі. Бұл – сапалы білім беру ісін жетілдіруге арналған қадам. Жалпы кез-келген қоғамда ұстаздың орны бөлек. Мұғалімдер білімді әрі саналы ұрпақ тәрбиелеу ісінде аса маңызды рөл атқарады. Ұстазға құрмет көрсетіп, қадірлеу – бәріміздің міндетіміз.

Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағуасына (тартыс) кіреді, аса арыздана жалынбайды», -дейді. Демек, өзімізден озық тұрған жұртпен деңгейлес болу үшін де оның тілін меңгерудің маңызы зор.

Қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жастарымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз.

Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді. Мұндай кезде өзіміздің таптаурын, жадағай әдеттерімізден бас тартуымыз қажет. Абайдың кейбір қарекеттерге көңілі толмай, «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» деп үнемі сыни көзбен қарауының себебі осында.

Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді.

Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де осы. Осыған орай Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын теміржолына айналуы қажет.

Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн.

Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті. Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хакім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі. Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты тұжырымдамам дәл осы әділетті қоғам идеясын дамыту мақсатымен ұсынылды. Билік пен қоғам арасындағы сындарлы диалог мемлекетке деген сенімді нығайта түседі.

Ұлы ақын «Келелі кеңес жоғалды, Ел сыбырды қолға алды» дегенді бекер айтқан жоқ. Елге билік жүргізетіндерге жұрттың көңілі толмайтынын да аңғартады. *«Сыбырдан басқа сыры жоқ, Шаруаға қыры жоқ»* замандастарымыз көбеймес үшін билік халыққа әрдайым құлақ түріп отырғаны жөн. Мемлекет пен қоғам өкілдері түйткілді мәселелерді бірге талқылап, шешімін табу мақсатында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрдық.

Абай шығармаларында меритократия мәселесіне де айрықша мән берілген. Ол адамды мәртебесіне қарай емес, талабы мен еңбегіне қарап бағалаған.

Өзгеріс деп байбалам салатындар еліміздің болашағын байыптамайды, жай ғана популистік идеяларға табан тірейді. Популизм теріс тенденция ретінде дүниежүзілік сипат алды. Әлемнің түкпір-түкпірінде нақты стратегиясы жоқ, тек жалаң ұрандар арқылы билікке жеткісі келетін топтардың дауысы жиі естілуде. Осындай даңғазаға құмар адамдар туралы Абай: «Қу тілменен құтыртып, Кетер бір күн отыртып», - дейді. Расында, бұл – кез келген елдің дамуын кенже қалдыратын, ұлттың бірегейлігін әлсірететін қауіпті үрдіс.

Бізге, Абай айтқандай, артық мақтанға салыну, өзгені қор, өзімізді зор санау, дау қуу әсте жараспайды. Әр қадамымызды анық басып, әлемде және елімізде болып жатқан оқиғаларды байыппен сараптай білуіміз қажет. Тұрақтылық пен дамуымыздың кепілі болған татулық пен бірлікті бәрінен жоғары қойған абзал. Мемлекет мүддесін көздесек, әуелі сабақтастық сақталып, төгілген тер мен атқарған еңбектің далаға кетпеуін ойлайық.

Әлеуметтік жауапкершілік қайткенде орнына келеді? Әрине, бұл оңай шаруа емес. Осы күрделі мәселенің шешімін Абайдың «Толық адам» формуласынан іздеген жөн. «Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі «*A man of integrity*» түсінігіне сай келеді. Бұл – тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама.

Адам өмірі тұтасымен түрлі қарым-қатынастардан құралады. Онсыз адам қоғамнан бөлініп қалмақ. Ал қарым-қатынас міндетті түрде өзара жауапкершілікті туғызады. Бұл жауапкершілік қара басының қамын биік қоятын өзімшілдік араласқан кезде бұзылады. Сондықтан Абай «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» деп адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек, жылы жүрек керек екенін айтады. Осы үш ұғымды ол үнемі бірлікте қарастырады, бірақ алдыңғы екеуі жүрекке бағынуы керек деп есептейді. Бұл – қазақ халқының өмірлік философиясы.

Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін.

Абай шығармашылығына арқау болған тақырыптың бірі – *масылдықпен күрес*. Ақын үнемі уайымсыз салғырттыққа, ойын-күлкіге салынбай, сергек болуға үндейді. Оны ұдайы еңбек арқылы шыңдап отыруды құп көреді. Сонымен қатар орынды әрекеттің уайым-қайғыны жеңетінін дәлелдеп, масылдықпен күрестің психологиялық қырларына терең бойлайды. Қазір біз көп айтып жүрген эмоционалды интеллектіге де сол тұста назар аударды. Мақтан мен масылдық психологиядан арылып, қайраттанып еңбек етуді, талаптанып білім іздеуді насихаттаған. Абай өлеңдеріндегі *«Еңбек өтсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей», «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап»* деген қазыналы ойлар бәрімізге жақсы таныс. Әр адам осы түйінді тұжырымдарды санасына берік тоқып, өзінің тынымсыз, адал еңбегімен айналасына үлгі болуы керек.

Халқымыз еңбектің қадірін біледі. Абайды өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы деуге болады. Ұлы ойшыл шығармаларында кәсіптен нәсіп тапқандарды, шаруақорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді. Ол тұрмыс сапасын жақсарту үшін еңбек етудің жаңа тәсілдерін меңгеруге шақырады. Сонымен қатар ақын бастамашылықты, кәсіптегі адалдықты жоғары қояды. Мысалы, өзінің оныншы қара сөзінде *«Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?»*, - деп тұжырым жасайды.

Абайдың ойынша, табыс табу үшін қолөнер үйрену керек. Себебі *«мал жұтайды, өнер жұтамайды»*. Ұлы ақынның бұл ойлары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін де өзекті.

Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады.

Абайдың асқан ойшылдығы оның діни талғам-танымынан да айқын көрінеді. *«Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас»* дейді. Ойшыл Абай, хакім Абай – әлемдік деңгейде осы діни көзқарасы арқылы да биіктей беретін тұлға.

Нағыз Абайды, ақын Абайды тану үшін оның өлеңдері мен қара сөздерінде айтылған ой-тұжырымдардың мән-маңызы ашылуы керек. Нағыз ұлт ақындарын өзге тілдерге аудару оңай шаруа емес. Аудармашы да сол ойшылдың деңгейіндегі талант болуы керек.

Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Бұл – классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры. Нақыл сөз, ғибратты сөз, ғақлия сөздер деп әрқилы аталғанымен, бұл – ерекше жанр. Абай қара сөздерінің арқауы – кісілік, мәдениет, ізгілік. Абай қара сөздерінің басты миссиясы – ойлану, өзгеге ой салу, мақсатты ұстанымға айналдыру. Демек, ұлы ойшылдың қара сөздері – аса құнды еңбек.

Шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абайдың есімін атайтындай дәрежеге жетуіміз керек. Өзге жұрт *«Қазақ халқы – Абайдың халқы»* деп бізге ілтипат білдіріп отырса, зор мәртебе болары анық.

Абайдың ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге. Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. *Ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы*.

Абай – ұлтымыздың мәдени капиталы. Абай – жаңа Қазақстанның бренді. Абайды әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру – бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы.

Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Абай – елдік мұраттың айнымас темірқазығы.

Абай тойының тұсындағы басты мақсатымыз - бүкіл халықтың ұлт ұстазы алдындағы өзіндік бір есеп беруі іспеттес болуы тиістілігі. Абай сыны – ауыр сын, сындарлы сын.

Абай бізге нені аманаттады? Абай бізден нені талап етті? Абай бізден нені күтіп еді? *Абай елдің қай ісіне сүйсініп еді? Сол сүйсінген ісінен үйрене алдық па? Абай қазақтың қай ісіне күйініп еді? Сол күйінген ісінен жирене алдық па?*

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

Әзірлеген Мақсат Абатұлы,
филология факультетінің І курс студенті
(«ИЯ-11-топ, «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы)



Жуырда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде университет кәсіподағының ұйымдастыруымен профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер арасында 63-ші «Денсаулық» спартакиадасы өтті. Әуесқой спортшылардың жүлде үшін тартысы қарқынды әрі қызықты болды.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің спорт түрлерімен шұғылдануын дағдыландыру, салауатты өмір салтын насихаттау, университет ұжымын бір-бірімен жақынырақ таныстыру мақсатында ұйымдастырылған бәсеке 8-10 қаңтар күндері оздырылған болатын.

Шараның ашылу салтанатында сөз алған университеттің оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры Әсет Тасмағамбетов, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Владимир Салов, жарыстың бас төрешісі, «Дене тәрбиесі» кафедрасының меңгерушісі Людмила Демченко қатысушыларға жылы лебіздерін арнап, алдағы ойынға сәттілік тіледі.

Спорттың шахмат, волейбол, дойбы, арқан тарту, үстел теннисі, эстафета сынды 6 түрінен ұйымдастырылған сайысқа 9 команда қатысып, бақтары мен баптарын сынады.

3 күнге созылған сайыста қатысушылар сын алаңдарына шығып, жеңіс үшін жан аямай шеберліктерін көрсетті. Байрақты бәсекеде волейбол ойынынан Физика-математика факультеті, шахмат ойынынан Ақпараттық технология факультеті, үстел теннисінен Мәдениет және өнер факультеті, тартысқа толы эстафетадан Мәдениет және өнер факультеті, дойбыдан Физика-математика факультеті, арқан тартыстан Мәдениет және өнер факультеті үздіктер қатарынан көрініп, жүлделі I орынды иеленді.

Жалпы командалық есеп бойынша, Физика-математика факультеті I орынды қанжығасына байласа, Мәдениет және өнер факультеті жарыстың II орынын еншіледі. Ал Әкімшілік бөлімі III орынға тұрақтады.



БЕЛІСЕНДІ ӨМІР - жүз жастық ғұмыр



Сондай-ақ, шара барысында белсенділік танытқан Мерболат Иманғалиев, Хамидолла Куставлетов, Сисен Сертеков, Нуржан Нагимов, Тайман Казиев, Азамат Дюсенбаев, Валия Рамазанова, Кеңес Тастаев, Светлана Баюканская, Мухамбет Қадырбаев, Абат Қыдыршаев, Акмарал Айтжановалар үздіктер қатарынан көрініп, шебер ойын өрнегін көрсете білді.

Сайысқа қатысушы барлық жеңімпаздар Алғыс хаттармен, бағалы сыйлықтармен марапатталып, аламан ойын тамаша көңіл-күймен өз мәресіне жетті.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 178

РЕДАКТОР: Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР: Сая ДҮЙСЕНБАЙ,
Асыл ҚҰРАМЫСОВА,
Аяулым АМАНҚЫЗЫ, Шұғыла ЕҢСЕП,
Назерке СҰЛТАНҒАЛИЕВА, Аида ОРАЗОВА

КОРРЕКТОР: Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Көкше-Полиграфия» АҚ баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы,
Ауельбеков көшесі, 98.
Тел.: 8-716-2-25-14-90

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken@wksu.kz